

## Қазақстан Республикасының су айдындарындағы мелиорация жұмыстары туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі N 469 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 28 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3110. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 16 қыркүйектегі N 579 бұйрығымен.

*Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.09.16 N 579 бұйрығымен.*

----- Бұйрықтан үзінді -----

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережесіне сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің келесі:*

*1) "Қазақстан Республикасының су айдындарындағы мелиорация жұмыстары туралы ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 2 қыркүйектегі N 469;*

*2 )*

*3) ... бұйрықтарының күші жойылсын.*

*2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Министр*

*А. Күрішбаев*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1344 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған Балық шаруашылығын дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 8-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының су айдындарындағы мелиорация жұмыстары туралы ереже бекітілсін.

2. Балық шаруашылығы комитеті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Балық шаруашылығы комитетінің Төрағасы М.Х.Мұсатаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

"Қазақстан Республикасының  
су айдындарындағы мелиорация  
жұмыстары туралы ережені  
бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2004 жылғы 2 қыркүйектегі  
N 469 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының су айдындарындағы  
мелиоративтік жұмыстар туралы ереже**

Қазақстан Республикасының су айдындарындағы мелиоративтік жұмыстар туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Су кодексіне, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті туралы ережесіне сәйкес әзірленді, және балық шаруашылығы мелиоративтік жұмыстарын жүзеге асырудың, ұйымдастырудың, жоспарлаудың тәсілдерін және жүргізудің тәртібін белгілейді.

Балық шаруашылығы мелиорациясы су айдындарының балық өнімділігін сақтау және көбейтуге, балық (оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген) және басқа да гидробионттардың өмір сүру мен көбею жағдайларын жақсартуға бағытталған кешенді іс-шаралардың құрамды бөлігі болып саналады. Мелиорация нысаны болып балық шаруашылық маңызы бар немесе болуы мүмкін су айдындары саналады.

*Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2006 жылғы 27 маусымдағы N 418 (алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жерсіндіру жұмыстары - бұл бұрын онда болмаған немесе жойылып кеткен гидробионттарды бір су айдынынан екіншісіне жаңа жағдайға одан әрі бейімделу және өзіндік жеке түр шығаруды қалыптастыру үшін ауыстыру жөніндегі іс-шараларды өткізу;

2) су айдындарын эвтрофикациялау және басы артық өсімдіктерге қарсы биологиялық күрес - судың түстенуіне әкелетін төменгі балдырлар мен өсімдіктерді жою үшін су айдынына өсімдік қоректі балықтар жіберу;

3) табиғи уылдырық шашу орнын қалпына келтіру - бұрын жоғалған

уылдырық шашу орнын суландыруға мүмкіндік туғызатын, олардың лайлануын болдырмау, қорытпа және басқа да тасталымдардан тазалау, уылдырық шашу кезеңінде судың қалыпты теңдігін қамтамасыз ететін техникалық шаралар к е ш е н і ;

4) балық жіберу - тауарлы салмаққа дейін толығыуы немесе жергілікті балық түрінің санын толықтыру мақсатында су айдынына балық жіберу. Жерсіндіруден айырмашылығы - балық жіберу үшін осы су айдынын мекендейтін, алайда өсуге қабілетті емес немесе нашар өсетін балық түрлері пайдаланылады;

5) балықтарды су жиылғы құрылымдарына және ирригациялық торларға түсуден қорғау - жас балық пен ересек балықтардың әр түрлі тұрпаттағы су жиылғылар мен ирригациялық жүйелерде өлімін болдырмау жөніндегі жобалық және техникалық шаралар жүйесі. Жобалау сатысында су жиылғы үшін қауіпсіздігі артық жерге орнату; іске қосу сатысында - су жиылғыны балық қорғаудың тиімді құралдарымен жабдықтау жолы қарастырылады;

6) балықтардың уылдырық шашатын орынға өтуін қамтамасыз ету - өтетін және жартылай өтетін аталық балықтардың өзендерге көтерілуін қамтамасыз ету жөніндегі гидротехникалық және басқа да шаралар жүйесі (түптерендету, өсімдіктерді ору, деңгейлік режимді қолдау);

7) балықтың құнсыз түрлерін аулау - балықтың құнсыз түрлерін бағалы балық түрлерімен ауыстыру жөніндегі іс- шаралар кешені;

8) балық аулайтын учаскелерді тазалау - қорытпаларды, су басқан ағаштар мен бұталарды, құрылыстық құрылғылар мен материалдарды, көліктік құралдарды алып тастау жолымен қауіпсіз және тиімді кәсіпшілікті қамтамасыз ету жөніндегі техникалық шаралар жүйесі;

9) балық қорлары мен басқа су жануарларын пайдаланушылар - заңнамада белгіленген тәртіппен балық қорлары мен басқа су жануарларын пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар (пайдаланушылар);

10) жазда суалып, қыста қатып қалуды болдырмау - су айдынының оттегі режимін қолдайтын гидротехникалық және техникалық шаралар кешені (су ағынын қамтамасыз ету, сумен қосымша қамту, аэрация);

11) ихтиофауналарды қайта құру - жерсіндіру, балық жіберу және басқа да шаралар жолдарымен жемдік базаны және ихтиофоуналардың құрамын жартылай немесе толық ауыстыру жөніндегі іс-шаралар кешені. Негізінен, көлді тауарлы шаруашылық ұйымдастыру үшін қолданылады.

12) балықты бөлектеніп қалған су айдынынан және ирригациялық жүйеден сақтау - бөлектеніп қалған су айдындарында және ирригациялық торапта аулау және тұрақты су айдынына алып бару немесе оларды арналармен қосу жолымен балықтың өліміне жол бермеу жөніндегі гидротехникалық және басқа да шаралар к е ш е н і ;

13) су айдындарын сумен қамтамасыз етуді жақсарту гидробионттарды қолдау және өмір сүру жағдайы мен көбеюін жақсарту жөніндегі гидротехникалық және басқа да шаралар кешені (судың химиялық құрамы, ағымдылығы, деңгейлік режимі және басқалар);

14) артық өсімдіктерді жою - артық өсімдіктерді механикалық жолмен жою (ору, тамыр жүйесін жарақаттау, балдыр өсіп кеткен учаскелерді қысқа мерзімді кептіру);

15) уылдырық шашу орнын қолдан жасау - уылдырық шашатын орынды табиғи және синтетикалық материалдардан жасап орнату, литофильдік балықтар үшін өзендік құмды тастар себу жолымен көбеюге қолайсыз су айдындарында табиғи өсімді қолдау жөніндегі шаралар;

16) уәкілетті орган - балық қорлары мен басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Балық шаруашылығы мелиорациясы пайдалану құралдарына байланысты биологиялық және техникалық болып бөлінеді. Шығыны мен әсер ету ұзақтығы бойынша балық шаруашылығы мелиорациясы ағымдағы және күрделі болуы мүмкін.

Күрделі мелиорация - күрделі шығындары жоғары болғанда (жерсіндіру, балық жіберу, өзендерді тереңдету) ұзақ мерзімге оң әсер етуді қамтамасыз ететін техникалық және биологиялық іс-шаралар кешені немесе оның жеке түрлері. Күрделі мелиорация өткізу гидробионттардың түрлік құрамы мен өмір сүру ортасының едәуір өзгеруіне әкеп соғады.

Ағымдағы мелиорация - күрделі шығындарды қажет етпейтін (жас балықты құтқару, қатып қалудың алдын алу) қысқа мерзімде оң нәтижеге қол жеткізетін техникалық және биологиялық шұғыл сипаттағы іс-шаралар кешені. Ағымдағы мелиорация кезінде гидробионттардың түрлік құрамы мен өмір сүру ортасында елеулі өзгерістер болмайды.

Биологиялық мелиорация - биологиялық іс-шаралар көмегімен мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін шаралар кешені.

Техникалық мелиорация - балықтардың өмір сүру және көбею жағдайларын және аулау тәсілдерін жақсартуды қамтамасыз ететін техникалық шаралар кешені.

## **2. Жүзеге асыру тәсілдері**

3. Биологиялық мелиорация мынадай негізгі іс-шараларды қамтиды: жерсіндіру жұмыстары және балық жіберу, ихтиофауналар мен балықтың жемдік базасын қайта құру, құны төмен балық түрлерін мелиоративтік аулау, биологиялық объектілер көмегімен басы артық өсімдіктерді жою, мүмкін болатын салмақтық өлім-жітім салдарынан ветеринариялық-санитариялық

жағдайдың нашарлауын болдырмау мақсатында қолайсыз ортаға түскен балықтарды және басқа да су жануарларын аулау.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2006 жылғы 27 маусымдағы N 418 (алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

4. Техникалық мелиорация мынадай негізгі іс-шараларды қамтиды: сумен қамтамасыз ету мен гидробиоттардың өмір сүру жағдайын жақсарту, басы артық өсімдіктерді ору, жазда суалу мен қыста қатудың алдын алу, табиғи уылдырық шашу орнын қалпына келтіру мен жасандысын орнату, бөлектеніп қалған суаттардан балықтарды құтқару, балықтардың уылдырық шашатын жеріне өтуін қамтамасыз ететін түптереңдету және басқа жұмыстар, балықты су жиналғыға түсуден қорғау, тиімді кәсіпшілік үшін балық аулайтын участкелерді тазалау.

### **3. Балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, жоспарлау және жүргізудің тәртібі**

5. Балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, жоспарлау және жүргізу осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Мелиорациялық жұмыс жүргізуге уәкілетті орган, биліктің республикалық және жергілікті атқарушы органдары, ғылыми және қоғамдық ұйымдар, балық аулаушы кәсіпорындар, жеке тұлғалар бастамашы бола алады.

7. Күрделі мелиорация өзекті мәселелерді талдауды, ұсынылған іс-шаралардың биологиялық негіздемесін қамтыған, оны орындауды қамтамасыз ету жөніндегі жобалық шешім, шығындар көлемі, осы жобаның экологиялық, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан маңызды екендігін дәлелдейтін биологиялық және техникалық-экономикалық негіздемелер негізінде өткізіледі.

8. Ағымдағы мелиорация балық шаруашылығы саласындағы ғылыми ұйымдар, уәкілетті орган жүргізген сараптама бағаларының негізінде өткізіледі.

9. Биологиялық және техника-экономикалық негіздемелер уәкілетті органның және басқа мүдделі жеке және заңды тұлғалардың тапсырысы бойынша ғылыми, жобалау және басқа да ұйымдар дайындайды.

10. Балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі бастамашыл жобалар уәкілетті органға жолданады және мыналар болуы керек: өтініш, қаржыландыру көздері мен шығындар көлемі көрсетілген биологиялық және техникалық-экономикалық негіздеме.

11. Гидробионттарды жерсіндіруді өткізуге биологиялық негіздемелер дайындау Заңға сәйкес жүргізіледі.

12. Балық шаруашылығы мелиорациясын өткізуге биологиялық негіздемелер балық шаруашылығы саласындағы ғылыми ұйымдардың Ғылыми Кеңестерімен келісіледі және мемлекеттік экологиялық сараптамаға қарауға жіберіледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң шешімімен техникалық-экономикалық негіздеме әзірленеді.

13. Күрделі мелиорацияны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес басқа да қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады.

14. Ағымдағы мелиорацияны қаржыландыру пайдаланушылар, жергілікті бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес басқа да қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады.

15. Күрделі балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

#### **4. Мелиорациялық жұмыстар жүргізілуін бақылау**

16. Мелиорациялық жұмыс жүргізуге бақылау жасауды уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

17. Қолдаушы өндірістік мониторинг және қоршаған ортаға әсерді бағалау күрделі мелиорациялық жұмыс өткізудің міндетті шарты болып табылады.

18. Қолдаушы өндірістік мониторингтің мақсаты гидробионттарға өткізілетін жұмыстардың әсер етуін бағалау, биологиялық нысандармен жұмыс істеу кезінде технологиялық нормаларды сақтау, жүргізілген жұмыстардың тиімділігін бағалайтын мәліметтер жинау болып табылады.

19. Мелиорациялық жұмыстың барлық түрі аяқталғаннан кейін оның орындалу сапасы, көлемі мен құны көрсетілген өткізу-қабылдау актісімен ресімделеді. Құрамында мүдделі мемлекеттік органдар мен пайдаланушылардың өкілдері бар орындалған жұмысты қабылдау комиссиясы уәкілетті органның бұйрығымен тағайындалады.